



Серіктестерге қызмет көрсету шартына №1 қосымша

Банктік шоттар

1. Қызметтің мәні:

1.1. Осы Қосымша Kaspi мен Серіктестің арасындағы банктік шоттарды ашу, жүргізу және қызмет көрсету бойынша қатынастарды реттейді Kaspi-дің. Осы Қосымшаның және Серіктестерге БҚКШ талаптары банктік шот шарты болып табылады. Серіктесте бұрын (Қосылуға өтінішке қол қойғанға дейін) ашылған банктік шот болған кезде Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы тиісті Шотқа қызмет көрсету бойынша қарым-қатынастар Серіктестерге БҚКШ талаптарымен реттеледі және бұрынғы ағымдағы шот шартының қолданысы Қосылуға өтінішке қол қойған сәттен бастап тоқтатылады. Бұрынғы ағымдағы шот шарты (Қосылуға өтінішке қол қоюға байланысты тоқтатылған) бойынша Қосылуға өтінішке қол қойғанға дейін жасалған барлық қосымша келісімдер Қосылуға өтінішке қол қойған күні Серіктестерге БҚКШ-ға қосымша келісімдер болады.

1.2. Шотқа қызмет көрсету Серіктестерге БҚКШ-ға және осы Қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады және аталған құжаттарда айқындалмаған бөлігінде Kaspi мен Серіктестің арасында жасалған, Сайтта орналастырылған (олар болса) қосылу шарттарымен реттеледі.

1.3. Kaspi Серіктеске Шот немесе қосымша Шот, соның ішінде қосылған құн салығы бойынша есеп айырысу қозғалыстарының есебін жүргізуге арналған ҚҚС бақылау шотын ашады және Серіктеске Шоттың ашылғаны және Шоттың нөмірі (жеке сәйкестендіру коды) туралы электрондық түрде Жеке кабинетке жіберу арқылы немесе Серіктестің жазбаша сұратуы бойынша жазбаша түрде Kaspi-дің бөлімшесінде хабарлайды. Қосылуға өтінішке қол қойған күн Шот бойынша Серіктестерге БҚКШ жасасқан күн болып табылады. Kaspi Шоттың нөмірін (жеке сәйкестендіру кодын) берген күн тиісті валютадағы Шотты ашқан күн болып саналады.

1.4. Осы Қосымшада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Серіктестерге БҚКШ-ның «Терминдер мен анықтамалар» атты 1-тарауында көрсетілген мағынада түсініліп, пайдаланылады.

2. Шоттағы ақшаға иелік ету тәртібі

2.1. Kaspi Серіктестің Шотқа нұсқауын алған кезде:

2.1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде оны орындаудан дәлелді бас тартады;

2.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Серіктес пен Kaspi-дің арасында жасалған Серіктестерге БҚКШ-да сақталуы көзделген нұсқауды орындау үшін қажетті ақша сомасы Серіктесте болмағанда немесе жеткіліксіз болғанда, Kaspi алынған нұсқауларды қабылдап, бір жылдың ішінде сақтайды;

2.1.3. Операциялық күннің ішінде нұсқауды кері қайтару немесе тоқтата тұру туралы өкімді қабылдайды және заңнамада белгіленген мерзімде оны орындайды немесе орындаудан бас тартады. Егер нұсқауды кері қайтару немесе орындалуын тоқтата тұру туралы өкім Kaspi белгілеген Операциялық күн аяқталғаннан кейін алынса, осындай өкімді Kaspi келесі Операциялық күннің басында алған болып есептеледі;

2.1.4. Нұсқауды қабылдаған кезде нұсқауды жасау, беру тәртібіне қойылатын талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарында белгіленген өзге де талаптарға оның сәйкестігін тексереді және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, нұсқауда көрсетілген талаптарды сақтай отырып орындайды немесе оны орындаудан бас тартады;

2.2. Серіктес Шотқа төлем тапсырмасын/нұсқауды электрондық түрде, Kaspi белгілеген тәртіппен береді.

2.3. Нұсқау «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңнамада көзделген негіздер бойынша қате болып табылады.

2.4. Kaspi бас тарту себебін көрсетіп, нұсқауды алған Операциялық күннің ішінде нұсқауды орындаудан бас тартады.

2.5. Kaspi мына негіздер бойынша:

2.5.1. Егер Серіктестерге БҚКШ-да Серіктеске осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін несие беру бойынша қызметтер көрсету көзделмесе, Серіктес төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген кезде;

2.5.2. Егер нұсқауда қолдан жасау, түзету, толықтыру және бүліну белгілері болса, соның ішінде нұсқау Серіктестерге БҚКШ-да белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібі бұзыла отырып берілсе;

2.5.3. Серіктес нұсқауды жасау және беру тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан

Республикасының заңнамасында және (немесе) Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарында белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған кезде;

2.5.4. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасында көзделген жағдайларда және/немесе Шартқа сай Касрі сұратқан ақпарат берілмегенде;

2.5.5. Рұқсат етілмеген төлем анықталған кезде, сондай-ақ Серіктестің пайдасына аударылатын ақшаның заңсыз алынғандығы негізделген фактілер анықталған және расталған жағдайларда;

2.5.6. Серіктестің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою, Серіктестің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезекте орындалуға жататын нұсқаулар болған кезде;

2.5.7. Егер Операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) уәкілетті мемлекеттік ұйым жасаған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген ұйым мен тұлға, Тізбеге кіретін ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігінде немесе бақылауында тұрған заңды тұлға, Тізбеге кірген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болып табылатын болса;

2.5.8. Егер Операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті айқындаған айтарлықтай ақшаны жалыстату және терроризмді қаржыландыру қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысатын болса;

2.5.9. Серіктес жүргізетін операцияларды зерттеу барысында операциялардың операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жүргізілетініне күдіктері болса;

2.5.10. Серіктесті тиісінше тексеру үшін Серіктес қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден, сондай-ақ Серіктестің деректерін/ дербес деректерін жинауға, өңдеуге және Foreign Account Tax Compliance (FATCA) талаптарына, Касрі-дің ішкі нормативтік құжаттарына және заңнамаға сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісімін беруден бас тарса, Серіктестің нұсқауын орындаудан бас тартуға / нұсқауды орындауды тоқтата тұруға құқылы.

2.6. Ақша аударған кезде ақша:

2.6.1. Ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын төлемнің рұқсат етілмеуі фактісі анықталғанда;

2.6.2. Қате нұсқау орындалған жағдайларда;

2.6.3. Серіктестерге БҚКШ-ға тиісті Қосымшаларда көзделген тәртіппен қайтарылады.

2.7. Жеке сот орындаушысы (бұдан әрі – ЖСО) болып табылатын Серіктес осы арқылы Касрі-ге заңнамада көзделген жағдайларда Шотқа қойылған және/немесе қойылатын талаптар бойынша (соның ішінде төлем талаптарының, инкассольдік өкімдердің негізінде) Шоттан ақшаны алуға келісімін береді.

2.8. ЖСО-ның басқа банктік қызмет көрсету шарттары бойынша және /немесе үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелері болған жағдайда, ЖСО мұндай міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді және лицензияның негізінде ЖСО қызметін жүзеге асыру аясында, соның ішінде ЖСО міндеттемелері бойынша Шоттан ақша есептен шығарылған жағдайда, үшінші тұлғалардың алдында өз бетінше жауапкершілік атқарады.

2.9. Касрі-дің басқа ұйымдардан ақша түсу мерзімдерін бақылауға немесе реттеуге не ақша аударғаны үшін алынатын комиссиялардың мөлшеріне әсер етуге мүмкіндігі жоқ.

2.10. Серіктестің пайдасына қолма-қол жасалмайтын төлеммен түскен ақшаны Касрі тиісті түрде ресімделген төлем құжаттарының негізінде аударады. Касрі Серіктестің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын ақша жіберушілердің бірнеше нұсқауларының негізінде жасаған кезде, Касрі жиынтық төлем тапсырмасын пайдалануға құқылы.

2.11. Серіктес Шотты қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен толықтырады. Касрі мына кезде:

- Касрі-дің қассасында және/немесе төлем картасын пайдаланып қолма-қол ақшамен толықтырғанда және Шоттан ақша алғанда;

- Касрі айналысқа шығармаған төлем картасын пайдаланып аударымдар жасаған кезде

Шот бойынша жүргізілетін операцияларға шектеулер белгілеуге құқылы.

Қосылған күн салығы бойынша есеп айырысу қозғалыстарының есебін жүргізу үшін ашылған шот заңнамада көзделген операцияларды жүргізу үшін ғана пайдаланылады.

3. Шот бойынша валюталық операцияларды жүргізу

3.1. Валюталық операция бойынша Серіктестің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлеммен түскен ақшаны Касрі валюталық заңнаманың талаптарына сәйкес валюталық операция бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттар мен ақпараттың негізінде аударады, оған Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында оларды беру көзделмеген жағдайлар қосылмайды.

Серіктес валюталық заңнамада көзделген құжаттар мен мәліметтерді бермеген жағдайда, Касрі Серіктестің нұсқауларын орындамауға құқылы.

Валюталық заңнамада белгіленген талаптарды орындау мақсатында Серіктес жүргізілетін валюталық операциялар бойынша ақпарат пен құжаттарды берген кезде Касрі валюталық операциялар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізеді.

Егер Шотқа түсетін ақшаның валютасы Шоттың валютасынан өзгешеленетін болса, Касрі түсетін ақшаны Касрі-дің айырбастау жүргізген сәтте белгілеген Шот валютасының сатылым бағамы бойынша айырбастайды, айырбастағаны үшін Касрі комиссиясын Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын ескеріп, Касрі-дің Тарифтеріне

сәйкес қатар ұстап қалады. Қосылуға өтінішке қол қою арқылы Серіктес осы тармақта көрсетілген жағдайларда айырбастауды жүзеге асыратынына, Kaspi-дің осы бағамды пайдаланатынына өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін Серіктестің оны қосымша растауын қажет етпестен білдіреді.

3.2. Қосылуға өтінішке қол қою арқылы Серіктес Шоттан халықаралық ақша аударымдарды жасаған кезде:

- Kaspi Серіктестің шетел валютасындағы Операцияларын жүргізуге қатысатын шетелдік корреспондент банктің сұратуы бойынша Операцияға және оған қатысатын тұлғаларға қатысты мәліметтер мен түсіндірмелер беруі мүмкін екеніне сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді;
- Kaspi-де жоқ, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент банкке беру талап етілетін мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды беру туралы Kaspi-дің сұрату келіп түскен жағдайда, Серіктес Kaspi-ге мұндай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды қажетті көлемде және Kaspi айқындаған мерзімде беруге міндеттенеді. Бұл ретте Серіктес мұндай мәліметтерді, түсіндірмелерді немесе құжаттарды бермеген жағдайда, Kaspi аударымды орындамағаны және аяқтамағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

3.3. Қосылуға өтінішке қол қою арқылы Серіктес өзі шетел валютасындағы Шоттан ақша аудару операциясына жүргізген кезде шетелдік корреспондент банк шет мемлекеттің тиісті заңнамасын, халықаралық келісімдерді, өзге талаптарды басшылыққа алып:

- Жүргізілетін операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметті алу мақсатында Серіктестің ақша аударымын белгіленбеген мерзімге тоқтата тұруы;
- Мұндай бас тартудың себебін нақтыламай, Kaspi-ге ақшаны қайтарып, шетел валютасындағы ақшаны аударымын аяқтаудан бас тартуы;
- Валюта операциясы бойынша ақшаға белгіленбеген мерзімге тосқауыл қоюы мүмкін екені туралы тиісті түрде хабардар екенін растайды.

3.4. Айырбастау заңнаманың талаптарына сәйкес Шоттағы бар соманың шегінде айырбастау талаптары және Операцияның мақсаттары қамтылған Серіктестің тиісті түрде ресімделген нұсқауының негізінде жүзеге асырылады.

3.4.1. Kaspi арқылы шетел валютасын сатып алуға өтінімді ресімдеген кезде уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым болып табылмайтын резидент Серіктес:

- шетел валютасын сатып алу мақсаты мен сомасын көрсетеді;
- баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алған жағдайда, өтінімге валюталық шарттың көшірмесін және шотты не орындау үшін шетел валютасы сатып алынатын, шетел валютасын сатып алу мақсатын және сомасын растайтын өзге ақы төлеу құжатын қоса береді. Шетел валютасын ұлттық валютамен сатып алуға өтінімге қосымша Серіктес Жеке кабинетте Kaspi-ге оны сатып алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде пайдаланбаған жағдайда, осы резидент-заңды тұлға оның акционерлері, құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірісті немесе оның бөлігін төлеу мақсатына сатып алынған шетел валютасынан басқа, шетел валютасын үшкүндік мерзімде Kaspi-дің сататын күнгі бағамы бойынша ұлттық валютаға сатуға нұсқау береді. Жеке кабинетте әрекеттерді жасай отырып, Серіктес шетел валютасын ұлттық валютаға айырбастауға және оны айырбастау жасалған сәттегі Kaspi-дің бағамы бойынша шетел валютасы сатып алынған шотқа есепке жазуға келіседі және оны растайды.

Егер валюталық шартқа есептік нөмірді алу талабы қолданылатын болса, онда есептік нөмір тағайындау туралы белгімен немесе тіркеу куәлігінің көшірмесімен, немесе хабарлама туралы куәліктің көшірмесімен бірге валюталық шарттың көшірмесі ұсынылады.

Сатып алынған шетел валютасын резидент Серіктес валюталық заңнамада көзделген тәртіппен Kaspi-ге берілген, соның негізінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасы сатып алынған өтінімде не болмаса бұрын ресімделген өтінімге қосымша өтінімде (шетел валютасы басқа валюталық шарт бойынша міндеттемелерді шетел валютасында орындауға байланысты өзге мақсатта пайдаланылған жағдайда) көрсетілген мақсаттарда пайдалануға тиіс. Жоғарыда аталған талап бұзылған жағдайда, Kaspi осы тармаққа сәйкес ресімделмеген шетел валютасын сатып алуға өтінімді орындауға қабылдаудан бас тартуға, Серіктестен тиісті құжаттарды ұсыну арқылы қосымша өтінімді сұратуға құқылы. Kaspi Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында және Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша шетел валютасын сатып алуға өтінімді орындауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

3.4.2. Шетел валютасын Kaspi арқылы ұлттық валютаға сатып алуға немесе сатуға арналған өтінімді ресімдеген кезде резидент емес Серіктес шетел валютасын сатып алудың немесе сатудың мақсатын көрсетеді.

3.4.3. Бір күннің ішінде айырбастау операциялары бойынша ҚР заңнамасында белгіленген шекті сомаға жеткен жағдайда, олардың бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелер шеңберінде берілген шетел валютасын сатып алуға, ағымдағы қарыздарды қайта қаржыландыруға, сондай-ақ резидент емес тұлғаның операцияларына арналған өтінімдерді беретін жағдайларды қоспағанда, Серіктес Kaspi-ге шетел валютасын сатып алуға кейінгі өтінімдерді айырбастау операциясын жасайтын күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын береді.

3.5. Айырбастау операциялары:

- шетел валютасынан қазақстандық теңгеге;
- қазақстандық теңгеден шетел валютасына;
- шетел валютасынан басқа шетел валютасына жүзеге асырады.

Kaspi айырбастау операциялары жүзеге асырылатын валюталардың тізбесін өз бетінше белгілейді және оны өз қалауынша өзгертуі мүмкін.

3.6. Операциялар Операцияны жүргізген сәттегі Kaspi белгілеген ағымдағы валютаны айырбастау бағамы бойынша Kaspi-дің Тарифтеріне сәйкес комиссиялар (мұндай комиссия болса) ұсталып жүргізіледі.

4. Kaspi-дің қызмет көрсету талаптары және оның ақысын төлеу тәртібі

4.1. Қосылуға өтінішке қол қою Серіктестің осы Қосымшаның талаптарын акцепттеуі болып табылады.

4.2. Kaspi Шот бойынша қызмет көрсету ақысын төлеу комиссиясын Тарифтік жоспарға және Тарифтерге сәйкес ұстап қалады.

4.3. Kaspi Серіктеске БҚКШ-ның аясында шоттарды ашу бойынша Серіктеске Электрондық қызметті, соның ішінде Серіктестерге БҚКШ мен оның қосымшаларына сәйкес Kaspi Pay онлайн платформасы арқылы көрсетуге құқылы. Шотты Kaspi Pay онлайн платформасы арқылы ашқан жағдайда, Серіктес Қосылуға өтінішке қол қоя отырып, Серіктестерге БҚКШ-ның № қосымшасында көрсетілген талаптарға қосылады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Kaspi:

5.1.1. Серіктестің талаптарын қойған кезде ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

5.1.2. Серіктестің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға;

5.1.3. Үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы Серіктестің өкімдерін орындауға;

5.1.4. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе Серіктестерге БҚКШ-да көзделген болса, Серіктестің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындауға;

5.1.5. Осы Қосымшада, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен Серіктестен қолма-қол ақшаны қабылдауға және оған беруге;

5.1.6. Серіктестің талап етуімен Шот бойынша Үзінді көшірмені беруге;

5.1.7. Жүргізілетін Операциялар бойынша банк құпиясына көпілдік беруге **міндеттенеді**.

5.2. Серіктес:

5.2.1. Шот ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Kaspi-ге берілетін құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды/ақпаратты және Kaspi сұратқан өзге қажетті ақпаратты Kaspi-ге беруге;

5.2.2. Шоттағы ақшаға иелік етуге құқығы бар тұлғалардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде уақтылы беруге. Мұндай құжаттарды уақтылы бермеген жағдайда жауапкершілік Серіктеске жүктеледі;

5.2.3. Тиісті түрде куәландырылған растайтын құжаттарды беру арқылы өзінің пошталық мекенжайының, телефон нөмірлерінің өзгергені, жеке куәлігін ауыстырғаны (жеке кәсіпкерлер үшін), уәкілеттік мемлекеттік органда қайта тіркелгені (қайта ұйымдастырылған кезде), тіркелгені (заңды тұлғалар үшін), шағын кәсіпкерлік субъектісі мәртебесінен айрылғаны немесе алғаны, мөрінің, атауының, қол қоюға құқығы бар тұлғалардың өзгергені, соның ішінде қолтаңбалардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген өзгерістер туралы, Kaspi-ге бұрын берілген басқа деректерді Kaspi-ге бес күндік мерзімде Байланыс арналары бойынша жазбаша түрде немесе электрондық түрде (техникалық мүмкіндік болған кезде) хабарлауға міндеттенеді. Kaspi Серіктестің Шотты ашу және жүргізу үшін берген құжаттарын қайтармайды;

5.2.4. Kaspi-дің валюталық бақылау, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ Серіктестің деректерін/ дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына, заңнамаға және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру мақсатында сұрататын кез келген құжаттары мен ақпаратты Kaspi-ге беруге;

5.2.5. Kaspi-дің Тарифтеріне сәйкес Қызмет ақысын уақтылы төлеуге міндеттенеді. Қызмет ақысы Серіктестің пайдасына қабылданатын төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасынан Kaspi-ге тиесілі комиссияны ұстап қалу арқылы төленуі мүмкін;

5.2.6. Шотқа ақша қате есепке жазылған жағдайда, Kaspi-ге дереу хабарлауға;

5.2.7. Шоттан ақша алынатын жоспарлы күнге дейін Kaspi-де белгіленген тәсілмен Шоттан ақшаны алуды алдын ала тапсыруға;

5.2.8. Лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрғаны немесе тоқтатылғаны туралы Kaspi-ге дереу (3 жұмыс күні ішінде) жазбаша хабарлауға;

5.2.9. Кейінгі қосымша шоттарды ашқан жағдайда, Серіктес өзгерістердің, соның ішінде қолтаңбалардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген өзгерістердің жоқтығы туралы растайды. Өзгерістер болған жағдайда Серіктес Kaspi-ге осы Қосымшаның 5.2.-тармағының 5.2.3.-тармақшасына сай мерзімде хабарлауға міндетті.

5.2.10. Операцияны жүргізер алдында төлем құжаттары деректемелерінің дұрыс толтырылуын тексеруге;

5.2.11. Осы Қосымшаның 3.4-тармағының 3.4.3-тармақшасында аталған жағдайда шетел валютасын сатып алуға өтінімді Kaspi-ге айырбастау операциясы жасалатын күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын беруге **міндеттенеді**.

5.3. Kaspi:

5.3.1. Ақша Шотқа қате есепке жазылғанда, Kaspi көрсеткен қызмет ақысын, соның ішінде комиссияларды төлеу бойынша берешек пайда болғанда, серіктестердің БҚКШ бойынша Kaspi алдындағы берешек сомалары пайда болғанда және Серіктестердің БҚКШ Қосымшаларында не болмаса Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда Серіктестің кез келген Шотынан ақшаны оның алдын ала келісімінсіз алып қоюға;

5.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда, соның ішінде егер Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тиісті шешімдері және (немесе) өкімдерінің негізінде Серіктестің Шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрса немесе Серіктес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілсе, сондай-ақ мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою туралы актілер негізінде мүлікке билік етуге уақытша шектеу қойылса, Серіктестің ақшасына тыйым салу туралы актілер негізінде Серіктестің Шотындағы ақшаға тыйым салынса, Шот бойынша Операцияларды жүргізуге нұсқауларды орындамауға;

5.3.3. Ақшаны есепке жазуды/есептен шығаруды және Шотқа қолма-қол ақшаны салуды/шешіп алуды қоса алғанда, Серіктеске Қызмет көрсету үшін Kaspi-дің пікірінше қажетті кез келген құжаттарды/ақпаратты Серіктестен сұратуға;

5.3.4. Егер Kaspi сұратқан құжаттар/ақпарат берілмесе немесе Kaspi-ді кез келген себеппен қанағаттандырмаса немесе Серіктестің тапсырмасы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына қайшы келсе, Серіктеске Қызмет көрсетуден бас тартуға;

5.3.5. Kaspi Серіктесті немесе Серіктестің жүргізетін Операциясын тиісінше тексере алмағанда; Серіктес күдікті/күмәнді операцияларды жүргізген жағдайда; нәтижесінде жүргізілетін операцияның Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарға қайшы/бұзады деп ойлауға Kaspi-дің негізі болатын өзге негіздер бойынша Серіктеспен іскерлік қатынастарды себепін түсіндірмей тоқтатуға және Шот бойынша операцияларды жүргізуге байланысты Серіктестің өкімдерін орындаудан бас тартуға;

5.3.6. Егер Серіктестің беретін нұсқаулары және/немесе құжаттары заңнаманың, соның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының, Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарына және/немесе Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келген жағдайда, Серіктеске оның Шотқа нұсқауларын орындаудан бас тартуға;

5.3.7. Серіктестің Шотынан ақшаны есептен шығаруға берген оның алдын ала келісімі негізінде мыналарға сәйкес:

а) Серіктес пен Kaspi-дің арасында жасалған және Серіктестің ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында берілген талаптарды орындау үшін негіз болып табылатын шартқа;

б) Серіктес пен Kaspi-дің арасында жасалған, қарыз/кепілдіктер (қарыз шарты, несие желісін ашу туралы келісім немесе қарыз операциясы немесе кепілдік беру фактісін растайтын өзге құжат) бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін негіз болып табылатын шартқа сәйкес қойылатын төлем құжаттарын пайдаланып, Серіктестің Шотын тікелей дебеттеуге.

5.3.8. Серіктестің Kaspi-дің алдында орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Серіктестің Kaspi-дің алдындағы міндеттемелері тиісінше орындалған сәтке дейін Серіктестің/уәкілетті тұлғаның Шоттағы ақшаға иелік ету нұсқауларын орындамауға;

5.3.9. Мөр жоғалғанда (немесе өзгеше жойылғанда) немесе тозғанда, Серіктестің атауы өзгертілгенде, оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, Серіктестің жазбаша өтінішінің негізінде Серіктеске жаңа мөр дайындауға 10 (он) жұмыс күнін беруге **құқылы**. Көрсетілген мерзімнің ішінде, Серіктестің қағаз тасымалдаушылардағы кассалық және/немесе төлемдік құжаттарын қабылдау мүмкіндігі болған жағдайда, Kaspi Серіктестің мөрінің бедері қойылмаған аталған құжаттарды қабылдауға;

5.3.10. Қызмет көрсеткен жағдайда, соның ішінде кейінгі қосымша шоттарды ашқан жағдайда, Серіктестен өзгерістердің бар-жоғы туралы растаманы сұратуға;

5.3.11. Серіктесте өзгерістердің бар екені туралы Kaspi-де мәліметтер немесе күдіктер болған жағдайда, кейінгі қосымша шоттарды ашудан бас тартуға құқылы.

5.4. Серіктес:

5.4.1. Серіктестерге БҚКШ-да, осы Қосымшада және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шоттағы ақшаға иелік етуге;

5.4.2. Kaspi-ге Шот бойынша Операцияларды жүргізуге тапсырмалар/нұсқаулар беруге, оның тапсырмасы бойынша жүргізілген операциялар жөнінде сұратулар жолдауға;

5.4.3. Үзінді көшірмелерді сұратуға **құқылы**.

6. Шотты жабу талаптары

6.1. Шот мына негіздер бойынша:

6.1.1. Kaspi-дің немесе үшінші тұлғалардың Шотына орындалмаған талаптары, берешектері болмаған жағдайда, Kaspi-де белгіленген нысан бойынша Серіктестің шотты жабуға берген жазбаша немесе электрондық (мұндай мүмкіндік болса) өтінішінің негізінде бес күннің ішінде жабылады. Серіктестің қолы қойылған және Kaspi қабылдаған шотты жабуға өтініш Шотты жабу не болмаса кез келген, соның ішінде Шотты (Шоттарды) жүргізу қызметі, Kaspi Рау-ды пайдалану үшін және т.б. орындалмаған талап, Kaspi-дің алдында кез келген берешек болмаған жағдайда, Серіктестерге БҚКШ-ны тоқтату үшін негіз болып табылады;

6.1.2. Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Серіктестің Kaspi-ге ұсынатын сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісімшарттар бойынша Серіктестің орындалмаған талаптары болмаған жағдайда шотта 1 (бір) жылдан астам ақшаның болмауы негізінде жабылады. Бұл жағдайда Kaspi Серіктеске шоттың жабылғаны туралы хабарлама жолдамайды. Серіктестің Шотында 1 (бір) жылдан астам

ақша қозғалысы болмаған жағдайда, Касрі Серіктеске Шоттағы ақша қозғалысының жоқтығы және хабарландырған күннен бастап үш ай өткен соң оны жабатыны туралы хабарлайды. Хабарландырған күннен бастап үш айдың ішінде Серіктес Шот бойынша операцияларды жаңартпаса, Касрі ақшаның қалдығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нотариустың депозитіне аударып, Шотты жабады;

6.1.3. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, Серіктестерге БҚКШ-ны бұзатын болжамды күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Серіктеске алдын ала жазбаша хабарлау арқылы біржақты соттан тыс тәртіппен жабылады.

6.2. Шотты:

6.2.1. Мынаған:

- Заңды тұлға Серіктесті таратуға немесе қайта ұйымдастыруға;
- Жеке және заңды тұлғаның банктік шотында бір жылдан астам уақыт ақша болмауына байланысты Шот жабылған жағдайларды қоспағанда, Серіктестің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың Шотқа орындалмаған талаптары, соның ішінде шешімдері және (немесе) өкімдері болған жағдайда.

6.2.2. Банктік шотты а) заңды тұлға Серіктесті таратуға немесе қайта ұйымдастыруға байланысты б) КЖ/ТҚҚ туралы заңға және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жабу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Серіктестің Касрі-ге ұсынатын, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде жабуға жол берілмейді.

* * *